

«БЕКІТЕМІН»
КР ғжбм «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Т. Емелбаев
«. 13 » 02 2023 ж.

«Химия» пәні бойынша

Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Мақсаты: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «Химия» пәні бойынша оку бағдарламасына сәйкес оку материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыппша	Оқыту мақсаттары
01	Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар. Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі. Атомдар. Молекулалар. Заттар	01	Химия пәні. Элемент, қоспа және қосылыс. Қоспаларды бөлу әдістері. Физикалық және химиялық құбылыстар. Заттардың агрегаттық күйлері. Атомдар мен молекулалар. Атомның құрамы мен құрылышы. Изотоптар	химия ғылымының нені оқытатынын білу; элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; элемент(жай зат) түсінігін, физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату; заттардың әртүрлі агрегаттық құйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұргысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру; атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу; протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; алғашқы 20 элементтің атом құрылышы (p^+ , n^0 , e^-) мен атом ядроның құрамын білу; изотоп түсінігін білу
02	Ая. Жану реакциясы. Химиялық реакциялар	02	Ая. Ауаның құрамы. Жану үдерісі. Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. Химиялық реакциялар жылдамдығына және оған әсер ететін факторлар	ая құрамын білу; заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсіну; «қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; реакция жылдамдығына

				әсер ететін факторларды анықтау; химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу
03	Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар. Адам ағзасындағы химиялық элементтер	03	Салыстырмалы атомдық масса. Валенттілік. Химиялық формулалар. Тағам кұрамындағы қоректік заттар. Адам ағзасындағы химиялық элементтер	жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар коспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың косылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық косылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; тағамдың өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білу және анықтай білу; адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe) білу
04	Геологиялық химиялық косылыстар. Атомдағы электрондардың қозғалысы	04	Пайдалы геологиялық химиялық косылыстар. Кен кұрамы. Қазақстанның пайдалы қазбалары. Атомда электрондардың таралуы. Энергетикалық денгейлер	жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық косылыстар барын түсіну; кейбір минералдар мен пайдалы табиғи косылыстардың кендерге жататынын білу; металды алу үшін кенді өндеу үдерісін сипаттау; Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу; атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық денгейлер бойынша таралатынын түсіну; әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды графикалық формуларын жаза білу
05	Заттардың формулалары және химиялық реакция тендеулері. Металдар мен құймалар. Металдар белсенділігін салыстыру	05	Химиялық формулалар бойынша есептеулер. Химиялық реакция тендеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы. Химиялық реакция типтері. Металдардың жалпы сипаттамасы. Металдардың оттекпен	заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шыгару; бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар тендеулерін құру; бастапқы және

			<p>және сумен әрекеттесуі. Металдардың қышқыл ертінділерімен әрекеттесуі. Металдар құймалары.</p> <p>Металдарды алу. Электролизді өнеркәсіпте қолдану. Металл өндірісі кезіндегі қоршаған ортаны қорғау проблемалары</p>	<p>түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу; белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; металдар коррозиясын туыннатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу; кеннен металды алу үдерісін сипаттау; металлургия өнеркәсібінің экологиялық проблемаларын түсіндіру; металдарды электролизбен алу әдісін түсіндіру</p>
06	Зат мөлшері. Стехиометриялық есептеулер. Химиялық реакциядағы энергиямен танысу. Термодинамикаға кіріспе	06	<p>Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы. Авагадро заңы. Молярлық масса. Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс. Отынның жануы және энергияның бөлінуі; Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. Ішкі энергия және энтальпия. Гесс заңы және оның салдарын қолдану. Гиббстің бос энергиясы</p>	<p>Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; қосылыстың молярлық массасын есептей алу; масса, зат мөлшері және құрылымдық бөлшектер санын есептеу; заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксид екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, іс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну; экзотермиялық реакциялар жылу бөлінуімен, ал эндотермиялық реакциялар жылуды сіңірумен жүретінін білу; ішкі энергия және энтальпия өзгерістер жылу эффектісі болып табылатындығын түсіну; реакцияның энтальпия өзгерісін тәжірибе жүзінде анықтау және оны анықтамалық деректер негізінде есептеу; Гесс заңының физикалық мәнін түсіндіру және оны химиялық реакцияның энтальпия өзгерісін есептеу үшін қолдана алу; термодинамикалық мәндер бойынша реакцияның өздігінен журу бағытын болжау</p>
07	Сутек. Оттек және озон. Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	07	<p>Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы. Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. Оттек және озон. Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы. Металдар және бейметалдар</p>	<p>сүтекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерделеу; ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін білу; оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру; периодтық жүйедегі орны бойынша химиялық элементтің сипаттау; химиялық элементтің периодтық</p>

				кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжаяу
08	Химиялық байланыс түрлері. Генетикалық байланыс	08	Ковалентті байланыс. Иондық байланыс. Оксидтер. Қышқылдар	электртерістілік ұғымы негізінде атомдар арасындағы ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; иондық байланыстың түзілу механизмін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжаяу; оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция тендеулерін кұрастыру; қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция тендеулерін кұрастыру
09	Көміртек және оның қосылыстары. Қайтымды реакциялар	09	Көміртектің жалпы сипаттамасы. Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері. Катиондарға сапалық реакциялар	еөміртек неліктен көптеген қосылыстарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылышын және қасиеттерін салыстыру; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу; Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} катиондарына сапалық реакция жүргізу; хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-фосфат-, нитрат-, силикат- сапалы реакцилар жүргізу
10	Органикалық химияга кіріспе. Көмірсутектер. Қанықпаган көмірсутектер. Отын	10	Органикалық заттардың ерекшеліктері. Органикалық қосылыстардың жіктелуі. Алкандар Алкендер Алкиндер. Алкендердің құрамы, құрылымы және реакцияға түсу қабілеті. Стереоизомерия (цистранс немесе E-Z). Алкадиендер. Алкиндер. Полимеризация	органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру; көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуін білу; алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция тендеулерімен дәлелдеу; этин мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидреу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция тендеулерімен дәлелдеу; алкиндердің химиялық қасиеттерін этин мысалында оқып үйрену (жану, гидреу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар), химиялық реакция тендеулерімен бекіту; алкадиендер қасиеттерін олардың құрылышына қарай түсіндіру; полимерлену реакцияларының мәнін түсіндіру

11	Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	11	Оттекті органикалық заттар. Спирттер. Күрделі эфирлер мен майлар	оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу; күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметтің түсіндіру
12	Кинетика. Химиялық тенденция	12	Концентрацияның реакция жылдамдығына әсері. Температураның реакция жылдамдығына әсері. Вант-Гофф ережесі бойынша есептеулер жүргізу. Катализ. Химиялық тенденция. Химиялық тенденция көрсеткіштің әсер ететін факторлар. Ле-Шателье-Браун принципі. Тенденция константасы. Өнеркәсіптік процестердегі химиялық тенденция	реакциялар үшін әрекеттесуші массалар заңының қолданылатындығын түсіндіру; катализ процесінің мәнін түсіндіру; гамогенді және гетергенді катализді ажыратта білу; химиялық тенденциялардың динамикалық сипаттың түсіндіру; химиялық тенденция температура, концентрация және қысым өзгерісінің әсерін болжау; не себепті катализатор тенденциялардың тез орнауына әсер ететінін, бірақ ығысуына әсер етпейтіндігін түсіндіру; берілген реакция үшін тенденция константасын жазу; Габер процесі мысалында химиялық өнеркәсіптегі өнімнің шығымын арттыруды химиялық тенденциялардың ығысу ролін және күкірт оксиді мен азот оксидінің тобығу процесін түсіндіру
13	Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Аналитикалық әдістер	13	Тотығу-тотықсыздану процесі. Электролиз. Заманауи зерттеулердегі аналитикалық әдістер. Хроматография	электрондық-иондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакциясы тендеулерін құрастыру; электролиз процесінің мәнін сипаттау; инструменталды талдау әдістердің қолданылу аймақтарын атап, қағаз хроматографиясы әдісімен заттарды бөлу принципін сипаттау және бөлінетін компоненттің сіңіру коэффициентін есептеу
14	17-топ элементтері. 2 (II) топ элементтері	14	Галогендердің тотығу-тотықсыздану қасиеттері. 2 (II)-топ элементтерінің физикалық қасиеттері	галогендердің тотығу-тотықсыздану реакция тендеулерін құрастыру; (II) топ элементтерінің физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдарын ату
15	Галоген-алкандар. Спирттер	15	Галоген-алкандарды алу. Спирттердің жіктелуі және химиялық қасиеттері	галоген-алкандарды алу реакциясының радикалды механизмін түсіндіру; Нуклеофильді реагенттермен галогеналкандардың реакция тендеулерін құрастыру; спирттерді

				функционалдық топтардың орналасуы және гидроксил тобының саны бойынша жіктеу
16	Ароматты қосылыштар қатары. Карбонилді қосылыштар	16	Бензол молекуласының құрылышы. Бензол және оның гомологтарын алу. Бензол және оның гомологтарының химиялық қасиеттері. Карбонильді қосылыштардың құрылышы және номенклатурасы. Альдегидтер және кетондардың алынуы. Альдегидтер және кетондардың тотығу, нуклеофильді қосылу реакциялары. Карбон қышқылдарының қасиеттері. Этерификация реакциясы	бензол молекуласының құрылымын түсіндіру; бензол және оның гомологтарын алу реакцияларын құрастыру; электрондардың делокализациясы түрғысынан бензол молекуласындағы байланыстардың түзілу және үзілу энергиясын түсіндіру; бензол және оның гомологтарына тән қосылу реакцияларының тендеулерін құрастыру; бензолды нитрлеу және галогендеу реакциясының механизмін түсіндіру; органикалық қосылыштар синтезі үшін бензол реакциясының маңыздылығын түсіндіру; толуол молекуласындағы атомдардың өзара әсерлесіүін түсіндіру; альдегидтер және кетондардың; карбонды қышқылдар функциональды топтарының құрылышын білу; альдегидтер және кетондардың, карбонды қышқылдардың құрылымдық формулаларын құрастыру және оларды теориялық және қолданбалы химияның халықарапалық одағы бойынша атау; альдегидтер және кетондарды арудың түрлі әдістерін түсіндіру; альдегидтер және кетондардың тотығу және тотықсыздану өнімдерінің реакция тендеулерін құрастыру; альдегидтер және кетондардың нуклеофильді қосылу реакциясына мысалдар келтіру; карбон қышқылдарының физикалық қасиеттерін және алыну жолдарын түсіндіру; этерификация реакциясының механизмін сипаттау; карбон қышқылдары, курделі эфирлер, сабын, синтетикалық жуғыш заттар және биодизельді отындардың колданылу аймағын атау
17	Аминдер және аминқышқылдар. Tipi ағза химиясы	17	Аминдердің жіктелуі және номенклатурасы. Аминдердің физикалық, химиялық қасиеттері және алынуы. Пептидтік байланыс. Көмірсулардың құрылышы, қасиеттері.	аминдердің жіктелуін және номенклатурасын атау; аминдердің физикалық қасиеттерін түсіндіру; аммиак, аминдер және анилиннің негіздік қасиеттерін салыстыру; α-аминқышқылдардан ақуыздар алу кезінде пептидтік байла ныстардың түзілуін түсіндіру; гидролиз реакциясы бойынша берілген деректер

			<p>Акуыздар. Акуыз молекулаларының құрылымы. Полипептидтер құрылымын анықтау. Ферменттер ролі және қолданылуы. Биологиялық маңызды металдар. Ауыр металдардың акуызға әсері</p>	<p>негізінде полипептидтің құрамын анықтау; «Құлып және кілт» моделі түргысынан ферменттердің әреке тін және ферментативті катализ процесін түсіндіру; ингибирлі бәсекелестікті түсіндіру; аденоzinтрифосфат гидролизі құрылымын және сывбасын құрастыру; биологиялық маңызды металдар: темір, магний, кальций, қалий, натрийдің рөлін бағалау; Қоршаған органдың ауыр металдармен ластану көздерін атау; ауыр металдардың тірі ағзага уытты әсерін түсіндіру</p>
18	Синтетикалық полимерлер. Жаңа заттарды және материалдарды өндіру. Органикалық синтез	18	<p>Жоғары молекулалы қосылыштар. Полимерлену реакциясы. Поликонденсация реакциялары. Полиамидтер мен полиэфирлер. Жаңа материалдар. Жаңа материалдардың практикалық мәні. Жаңа полимерлерді өндіру. Органикалық қосылыштардағы негізгі функционалдық топтар</p>	<p>«Мономер», «құрылымдық» «буын», «олигомер», «полимер», «полимерлену дәрежесі» негізгі ұғымдарын білу; полимерлену реакциясы тендеулерін құрастыру; поликонденсация реакциясы тендеулерін құру; поликонденсация реакциясы негізінде алынатын полимерлер гидролизденіп, биологиялық ыдырай алатынын түсіну; жаңа материалдарды жасаумен және өндірумен айналысатын ғылымдар саласын білу; адамзаттың әр түрлі бағыттағы іс-әрекетін дамыту үшін жаңа материалдардың практикалық маңызын бағалау; жаңа полимерлер және композициялық материалдар өндірудің маңыздылығын түсіндіру; сапалық реакциялар көмегімен функционалды топтарды анықтау</p>
19	Азот және күкірт. Қышқыл және негіз ерітінділері	19	<p>Азот молекуласы құрылышының ерекшеліктері мен қасиеттері. Аммиак және аммоний тұздары. Күкірттісутек және сульфидтер. Қышқыл-негіздік теория.</p>	<p>азот молекуласының химиялық белсенділігінің төмөнділігін түсіндіру; аммоний ионындағы байланыстардың түзілу механизмін ажырату; күкірттісутектің тотықсыздандырығыш қасиеттерін түсіндіру; сульфид ионын тәжірибе жүзінде анықтау; Аррениус, Льюис және Бренстед-Лоури теорияларын және олардың қолдану шектерін сипаттау; құшті қышқыл мен құшті негіздердің pH есептеу</p>
20	Ауыспалы металдар. «Жасыл химия»	20	<p>Ауыспалы металдардың жалпы сипаттамасы. Ауыспалы металдардың биологиялық ролі. «Жасыл химияның» 12 принципі. Атмосфера,</p>	<p>Ti–Cu атомдарының электрондық құрылышына сүйене отырып, қандай металдар ауыспалы болатындығын түсіндіру; гемоглобин құрамында темір (+2) кешенінің болатынын түсіндіру және оттегін тасымалдаудағы оның ролін түсіну; ііс газымен улану қалай жүретіндігін</p>

		гидросфера, литосфераның ластануы	түсіндіру және алғашқы көмек көрсету әдісін сипаттау; «Жасыл химияның» 12 принципін атап және оны түсіндіру; атмосфера, гидросфера және литосфераның ластану масштабын түсіндіру
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

«Химия» ғылымы нені оқытады. Химия туралы білім; жай зат пен күрделі зат арасындағы айырмашылықтары; физикалық құбылыстар мен химиялық құбылыстардың (құбылыстардың белгілері) арасындағы айырмашылықты білу; заттар мен құбылыстарды белгілі бір критерийлер бойынша топтарға біріктіру, фактілер мен құбылыстарды салыстыру, жіктеу және жалпылау; қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың қасиеттерін сипаттаң, олардың маңызды белгілерін көрсетіңiz;

Атомдар, иондар және молекулар. «атом», «молекула», «химиялық элемент», «ион» негізгі химиялық ұғымдарының мағынасын ашу; атомдар мен иондардағы протондар, нейтрондар мен электрондар санын есептеу.

Химиялық байланыстардың түрлері. Ұғымдардың мағынасын көңейтіңiz: «химиялық байланыс», «электр терістілігі»; заттардың физикалық қасиеттерінің кристалдық тор түріне тәуелділігін сипаттау; бейорганикалық қосылыстардағы химиялық байланыс түрін анықтау; әр түрлі химиялық байланыстардан түзілген заттар молекулаларының құрылымының сызбаларын бейнелеу; қосылыс құрамындағы элемент атомының тотығу дәрежесін анықтау;

Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі. Д.И.Менделеевтің периодтық заңының мағынасын ашу; Химиялық элементті периодтық жүйедегі орнына қарай сипаттаңыз; химиялық элементтің периодтық жүйедегі орнына байланысты қасиеттерін білу;

Химиялық реакциялардың жіктелуі. Химиялық реакция, қосылыс реакциялар, ыдырау реакциялары, алмасу реакциялары, орынбасу реакциялары, нейтралдау реакциялары, экзотермиялық реакциялар, эндотермиялық реакциялар, қайтымды реакциялар, қайтымсыз реакциялар, тотықсыздану реакциялары, гомогенді реакциялар, гетерогенді реакциялар, каталитикалық реакциялар, каталитикалық емес реакциялар деген не, химиялық реакцияның жылу эффектісі. Әр түрлі себептерге байланысты химиялық реакцияларды жіктеңiz. Молекулалық, толық және қыскартылған иондық реакция тендеулерін құрыңыз. Тотығу және тотықсыздандырғыш, тотығу және тотықсыздану процестерін анықтаңыз.

Зат массасының сакталу заңы. Заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару.

Металдар мен құймалар. Металдар белсенділігін салыстыру. Металл электртерістілігі не екенін түсіндіріңiz. Оны қарапайым заттар - металдардың химиялық қасиеттерін сипаттау үшін қолданыңыз. Металдардың химиялық қасиеттері жүйесін «төмендетуші қасиеттер» ретінде қорыту. Тотығу-тотықсыздану процестері теориясы аясында металдардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакциялардың молекулалық тендеулерін құрастыру және электролиттердің катысымен жүретін реакцияларды иондық түрінде беру.

Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. Жану реакциясы өнімдері қандай екенін білу; жылу эффектісі бойынша химиялық реакциялардың түрлерін білу;

Химиялық тепе-тендік. Химиялық тепе-тендіктің динамикалық табиғатын ашу; өзгеретін факторлардың химиялық тепе-тендікке әсерін болжau.

Қышқылдар мен негіздер теориясы. Қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін түсіндіріп, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция тендеулерін құрыңыз.

Жер химиясы. Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайдаланылған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық катынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу.

Көміртек және оның қосылыстары. Аморфты көміртектің және оның қосылыстарының құрылымын, аллотропиясын, физикалық-химиялық қасиеттерін, өндірісі мен қолданылуын сипаттау; Алмаз мен графиттің құрылышы мен қасиеттерін салыстырыңыз. Көміртектің тотығу-тотықсыздану қасиеттерін сипаттаңыз.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы: Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 26 %; орташа деңгейде (B) – 60 %; жоғары деңгейде (C) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең тәменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары негұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 2 – 2,5 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмада – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру үйімдарында пайдалануға рұқсат етілген окулықтардың, оку-әдістемелік кешендердің, оку құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Химия 7-сынып, М.К.Оспанова, Т.Г.Белоусова, К.С.Аухадиева, Алматы «Мектеп» 2018 ж.

3. Химия 8-сынып, М.К.Оспанова, Т.Г.Белоусова, К.С.Аухадиева, Алматы «Мектеп» 2018 ж.

4. Химия 9-сынып, М.К.Оспанова, Т.Г.Белоусова, К.С.Аухадиева, Алматы «Мектеп» 2019 ж.

5. Химия 9-сынып, М.Б.Усманова, Қ.Н.Сақариянова, Б.Н.Сахариева, Алматы «Атамұра» 2019ж.

6. Химия 10-сынып, М.К.Оспанова, Т.Г.Белоусова, К.С.Аухадиева, Алматы «Мектеп» 2019 ж.

7. Химия 11-сынып, М.К.Оспанова, Т.Г.Белоусова, К.С.Аухадиева. Мектеп, 2019 ж.

8. Химия 11-сынып, М.Б.Усманова, Қ.Н.Сақариянова, Б.Н.Сахариева, Алматы «Атамұра» 2020ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
орта білім беру комитеті

(қолы)

(Т.А.Ә)

«13»

02

2023 ж.

Дархан

Дархан

Дархан

Дархан